

Ересек топ сурет салу
Тақырыптық жоспары

Ай	Апта	Сурет салу тақырыбы
Қыркүйек	I апта	Тақырыбы: "Балабақшадағы ойыншықтар". Мақсаты: Балаларға дөңгелек пішінді, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты пішінді заттарды салып, балабақшадағы ойыншықтармен таныстыру; қарындашпен сурет салу техникасын жетілдіру; геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту; балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
	II апта	Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер". Мақсаты: Балалардың қарындашпен жемістер мен көкөністерді дәстүрден тыс тәсілдермен салуға үйрету; қарапайым ұғымдарды жетілдіру; қағаз бетін бағдарлау; көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; жемістер мен көкөністердің адам денсаулығына пайдасы зор екенін түсіндіру.
	III апта	Тақырыбы: "Арқасын жиырған мысық". Мақсаты: Балаларды бормен арқасын жиырған мысық бейнесін салу амалдарына үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру; мысық бейнесін дене мүшелері мен сыртқы келбетін сызықтарымен толықтыруға талпындырту; мысықтың тіршілігі туралы білімдерді пысықтау; дене пропорцияларына көңілін аудару; үй жануарларына қамқорлықпен қарауға шақыру.
	IV апта	Тақырыбы: "Ыдыстар". Мақсаты: Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езіп, қылқалам арқылы қою консистенциясын жасау техникасын қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің жанына салып, табакша мен шыны-аяқ бейнелерін бір сюжетке біріктіруге үйрету; салынған пішіндерді белгілі ырғақта нүктелермен безендіру техникасында дағдыландыру; отбасыдағы туыстық, жылы қарым-қатынастар туралы түсініктерді дамыту; қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, ақыл-ойды дамыту; шыдамдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
Қазан	I апта	Тақырыбы: "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". Мақсаты: Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру; ұжымдық жұмысты бейнелеп шығаруға дағдыландыру; зейінін, түстерді таңдаудағы эстетикалық талғамды дамыту; топтағы қарым-қатынастарды нығайту; тазалыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
	II апта	Тақырыбы: "Алманы тапқан қоян". Мақсаты: Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша, не алманы, не сәбізді, не өзге жарамды қоректі салуды дағдыландыру; қоян күздегі құбылыстар жөнінде білімдерді тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түйсігін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықты арттыру; ынтылыққа тәрбиелеу.
	III апта	Тақырыбы: "Алтын бидай алқабы". Мақсаты: Балаларды бидай алқабы көрінісін салуға үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидайды өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін, ақыл-ойын дамыту; адам еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Тақырыбы: "Үйрек". Мақсаты: Балалардың үйрек сұлбасын қылқалам арқылы дымқа ою элементтерімен безендіруге үйрету; дымқа ойыншықтары нысандары туралы жалпы мәліметтер беру; жыл құстарының тіршілігі жөнінде білімдер жиынтығын пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; халық қол өнеріне деген қызығушылықтарды ояту.
Қараша	I апта	Тақырыбы: "Үлкен және кішкентай қарбыздар". Мақсаты: Балаларды суреттің бояудың бетіне шығу сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері түрлі дөңгелектерді салып, ішін тике жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасы бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету; бақшада өсірілетін өнімдердің бірі, қарбыз туралы түсініктерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасы, пішінді және көлемді ажырату қабілетін дамыту; экологиялық мәдениетке баулу; еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
	II апта	Тақырыбы: "Жүк машинасы". Мақсаты: Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету; көлік бөліктерін тұтас жүк машинасы бейнесіне біріктіру амалдарын көрсету; жүк машинасының адамның еңбегінде алатын орны туралы түсіндіру; сурет салуда бөлшектерден құрылған бейненің үйлесімдігін сақтау іскерлігің, көз мөлшерін, елестету қабілетін дамыту; тиянақтылыққа, мақсатшылдыққа тәрбиелеу.
	III апта	Тақырыбы: "Алманы тапқан қоян". Мақсаты: Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша, не алманы, не сәбізді, не өзге жарамды қоректі салуды дағдыландыру; қоян күздегі құбылыстар жөнінде білімдерді тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түйсігін

		дамыту, қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықты арттыру, ынталылыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Тақырыбы: "Ғажайып әлемінің шамдары /дымқыл қағаз бетіне сурет салу/ ". Мақсаты: Балалардың дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасына үйрету; "палитра" ұғымын қалыптастыру; қағаздың бүкіл бетін пайдалану білігін жетілдіру; ғажайыптар әлемін елестетудегі ойларын айтуға, қағаз бетіне түсіруге талпындырту; ой-кият, түйсіну қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.
Желтоқсан	I апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Аулаға қар жауды". Мақсаты: Балаларды бормен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің, сұлбасын салып, қардың суреттегі түрлі жерлеріне қылқаламның ұшымен не жақпалау техникасын пысықтау; қарқұбылысы жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезім қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Әдемкөйлек киген Дана". Мақсаты: Балаларды мерекелі киімді киген Даның бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын тек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздерімен ауызы сияқты сәк бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру; Қазақстанның Тәуелсіздік күні туралы білімдерін тиянақтау; көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау, зейін қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімдерді қалыптастыру; отан сүйгіштікке тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Шырша". Мақсаты: Балаларды шырша пішінін салу техникасынигерту; борар қылы шыршаның діні мен бұталарын салып, жасыл бояуға малынған сорғышпен жақпалап, қылқандарын жасашығару дағдысын қалыптастыру; қыс мезгіліне байланысты мерекелер жөнінде ұғымдарды тиянақтау; қолдың сәк моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түстерді ажырату, ой-киятін дамыту; экологиялық тәрбиенің іздеріне баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Шыршаның түрлі ойыншықтары". Мақсаты: Балаларды ұйымдастырып, ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; шырша бұталарына фломастермен қылқандарын, түрлі пішінді, түрлі түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру; балалардың ой-киятін, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту, достық қарым-қатынастарды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Қаңтар	I апта	Тақырыбы: "Қос қолғап". Мақсаты: Балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқаламмен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағаздың екіге бүктеп, басып, турасондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету; қыстағы киінуде біні, ойын-сауық түрлерін жөніндегі түсініктерді пысықтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру; тазалыққа, табандылыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Оюлар салынған қарлы жолақ". Мақсаты: Балаларды тіктөртбұрышты жолдардың ақ-қара ою элементтері элементтерімен безендіру тәсілімен таныстыру; "қарға ізі", "құстұмсығы", "қанқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықтарында шпен сурет салу техникасын игерту; қолдың сәк моторикасын, көзбен мөлшерлеу, ой-киятін, елестету қабілеттерін дамыту; әсемдікті түсіне білуіскерлігін қалыптастыру; тиянақтылыққа, мақсатшылдыққа тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр". Мақсаты: Балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалармен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру; аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ақыл-ойын дамыту; байқағыштыққа, тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру.
	IV апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Сарышымшық". Мақсаты: Балалардың қылқаламмен сарышымшық бейнесін салуға үйрету; құстың салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; акварельді бояуды қылқаламға қою еңкіетіп, қағаз бетіне үлкен мөлшерде салуға талпындырту; көзбен мөлшерлеу, зейінін, құстарға қамқорлыққа деген сезімдерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу.
Ақпан	I апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Аквариум балықтары". Мақсаты: Балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелекпен сопақша, үшбұрыш пішінді графареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыруға машықтау; балықтардың денелерін жүзбеқанаттар мен құйрығы, көзі, қабыршақтарымен толықтырып, безендіру техникасына бейімдеу; аквариум балықтарының тіршілік ерекшеліктері мен күту әдісін пысықтау; зейінін,

		қағазбетін бағдарлау, дүниетанымындамыту; бақылағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Етікшінің жаңа қосетігі". Мақсаты: Балаларды қосетік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етікшінің қолына оюын салу техникасын қалыптастыру; қазақтың ұлттық аяқ киімі туралы білімдерін тиянақтау; етікші мамандығы туралы ұғымдар беру; композициялық қабілеттерді, әсемдікті қабылдау сәзімдерін дамыту; қазақтың ұлттық қолөнеріндегі қызығушылықты, адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Үтік". Мақсаты: Балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту; тұрмыстық техника құралдарына адамның өмірінде алатын орны туралы мәліметтерді тиянақтау; қолдың сәлеметтік қимылы, зейінін, ой-қиялындамыту; ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.
	IV апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Қанекей, сапқатұр!". Мақсаты: Балалардың топтас достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету; салауатты өмір салтын насихаттау; ақыл-ойын, қағазбетін бағдарлау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; достық қарым-қатынастарға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Наурыз	I апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Құмырағасының гүлдері". Мақсаты: Балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарының қалқамалқалы жақпалас салу, вазаның жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындырту; көзбен мөлшерлеу қабілетін, эмоциялар мен түйсіктер әлемін дамыту; байқағыштыққа, анағадеген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Торғай ұшып келеді". Мақсаты: Балаларды ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалысыздың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығын дәл дермен толықтыру білігін арттыру; құстардың сұлбастарын, шеттерден шықпай, қылқалам арқылы бояу техникасын жетілдіру; зейінін, көзбен мөлшерлеу, қағазбетін бағдарлау қабілетін дамыту; көктемгі өзгештелген құбылыстарға байқағыштығын тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Тұмарша". Мақсаты: Балаларды қағаздың бетіне тұмарша ұшқышы салып, сұлбасын пішінмен сыртқы қазақтың белгілі ою элементтерімен безендіруге үйрету; "ирек", "мүйіз" ою элементтерінің салу техникасын үйрету; тұмаршаны қосымша бөлшектер, шашақтармен толықтыруға бейімдеу; Наурыз мейрамы жөнінде түсініктерді пысықтау; зейінін, көзбен мөлшерлеу қабілетін, ой-қиялын дамыту; тиянақтылыққа, қазақтың қолөнері үлгілеріндегі сүйіспеншілікті қалыптастыру.
	IV апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Кебені бірендіру". Мақсаты: Балаларды кебенің сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; тік төртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру техникасын қалыптастыру; қағазбетін бағдарлау, пішіндерді қабылдау және ажырату біліктерін жетілдіру; қазақтың қолөнеріндегі қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
Сәуір	I апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Ғарыштың түрлі планеталары". Мақсаты: Балаларды шар бетіне бояу жағып, қағаз бетіне басып алу дәстүрлі емес сурет салу техникасымен таныстыру; "градиент" ұғымын қалыптастыру; топтас достарымен біріге отырып, ғарыш ғаламын сюжеттік суретте көрсету білігін жетілдіру; балалардың ой-қиялын, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту; достық қарым-қатынастарды дамыту; тазалыққа, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Құлыншақ шауып келеді". Мақсаты: Балаларды қылқаламмен шауып келе жатқан құлыншақ бейнесін салу амалдарына үйрету; құлыншақтың дене бөлшектерін салуда дене пропорцияларын сақтауға талпындырту; құлыншақ бейнесін қағаздың ортасына, мөлшері кішкентай емес етіп, салуға машықтау; құлыншақтың шабу динамикасына көңіл бөлу; көктемде үй жануарларының жайлауға шығару туралы білімдерін пысықтау; зеректікке, үй жануарларына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Гүлденген өрік бұтағы". Мақсаты: Балаларды көктемгі гүлденген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету; суреттің негізі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру; жеміс ағаштарының көктемде гүлдену құбылысы туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, зейінді, ой-қиялды дамыту; эстетикалық талғамға, бақылағышқа, тазалыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Сурет салу. Тақырыбы: "Біздің көше". Мақсаты: Балаларды түрлі түсті фломастерлер арқылы бірнеше қабатты түрлі үйлерді салу амалдарына үйрету; суретті тік төртбұрышты салудан бастап, сұлбасы бойын айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда

		болған шапқатар ішін шахмат тәртібінде бояу техникасына үйрету; Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымдарды пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; тиянақтылыққа, зеректікке, достыққа тәрбиелеу.
Мамыр	I апта	Суретсалу. Тақырыбы: "Тікұшақ". Мақсаты: Балалардыңарындашпен тікұшақтысалутехникасынаүйрету; тікұшақтықағазбетініңортасына, түрлі сопақшалардыүйлесімдікте орналастырып, тікұшақбейнесінсалу амалдарынигерту; әскериқызмет, көліктер туралыбілімдердіпысықтау; көзбен мөлшерлеуқабілетіндамыту; ептілікке, шыдамдылыққа, патриоттықсезімдерге тәрбиелеу.
	II апта	Суретсалу. Тақырыбы: "Әдемішәйнек". Мақсаты: Балалардыңқаламұшымен бояуаркылышшәйнектіңсұлбасынтарою түрімен, гүлмен, безендірутехникасымен таныстыру; жасылкөктеммезгіліндегі гүлдердіңтүрлерітуралыұғымдар жиынтығынпысықтау; зейінін, қолдыңұсақ моторикасын, ой-қиялындамыту; достыққа, әдептіліккетәрбиелеу.
	III апта	Суретсалу. Тақырыбы: "Жайлаудағыгүлдер". Мақсаты: Балалардысиятамшысы техникасынабейімдеу; сиятамшыларын қағазбетінетүсіріп, пайдаланған тамшылардытүтікшеменгүлдерге айналдырып, гүлденгендалапейзаяжын салуамалдарынаүйрету; көктем даласындағыөсімдіктерменжәндіктер туралыбілімдерінпысықтау; түстермен пішіндердіқабылдау, елестету қабілеттеріндамыту; тиянақтылыққа, әсемдіктісүюсезімдерінетәрбиелеу.
	IV апта	Суретсалу. Тақырыбы: "Өзқалауыбойынша". Мақсаты: Балалардыөзқалаулары бойыншасуретсалуәрекетіне машықтандыру; барлықигергенсуретсалу техникаларынестеріңетүсіріп, белгілі композицияны, бейнелердісалу амалдарынпысықтау; жазмезгіліжөнінде жалпытүсініктерінтиянақтау; ой-қиялын, түйсікменэмоцияларалеміндамыту; достыққа, зеректіккетәрбиелеу.

Мектепалды даярлық топ балалармен сурет салу
Тақырыптық жоспары

Ай	Апта	Сурет салу тақырыбы
Қыркүйек	I апта	Тақырыбы: "Тұл бағымызда өскен аккекірелер". Мақсаты: Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы аккекірелердің қарапайым сұлбастарын салуға үйрету; коспа түстірді пайдаланып, қылқаламмен шенбер айналасына бірнеше жақпалар қалдыру техникасын игерту; гүлдердің бейнелерін бүкіл паракқа, жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру; балабақшадағы қызықты әрекеттерге деген сүйспеншілігін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
	II апта	Тақырыбы: "Күзгі ағаш" Мақсаты: Балаларға күзгі ағаштың суретін салуға, түстерін ажырата білуге үйрету, бояуды іргелес салып бояу техникасын игерту; суретті таза, бояуды ағызбай салуға дағдыландыру; зейінін дамыту; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
	III апта	Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер" Мақсаты: Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға, бояуды іргелес салып бояу техникасын игерту; суретті таза, бояуды ағызбай салуға дағдыландыру; зейінін дамыту; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Тақырыбы: "Автобус" Мақсаты: Балаларды қағаздың толық бетіне автобусты салуға үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастырып салуға үйрету; қарындаш пен бояуды белгілі жерде пайдалану іскерлігін ұштау; акварель бояуын суға езу, қажетті қоюлыққа дейін жеткізу дағдысын дамыту; автобустың қоғамдық көлік түріне жататыны туралы білімдерін пысықтау; көз мөлшерін, елестету қабілетін дамыту; еңбекті қадірлеу сезімін тәрбиелеу.
Қазан	I апта	Тақырыбы: "Жапырақтар гербарийі" Мақсаты: Балаларды серуенде, "табиғат бұрышында" бақылаған, түрлі ағаштардан түскен жапырақтардың сұлбастарын салуға үйрету; жапырақтардың тақтасының пішінін, сабағын, тақта бетіндегі қаңқа талшықтарын қарындашпен салып, акварельді бірнеше бояуды іргелес салып бояу техникасын игерту; суретті таза, бояуды ағызбай салуға дағдыландыру; "алтын" күз мезгілінде негізгі сары, қызыл-сары түстердің реңктерін таңдау іскерлігін қалыптастыру; зейінін дамыту; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
	II апта	Тақырыбы: "Жаңбырлы күн" Мақсаты: Балаларды дымқыл қағаз бетінде бояуларды араластыру техникасына үйретуді жалғастыру; сұр, көк, күлгін түстердің реңктерін талғаммен қолданып, қылқаламмен жаңбырлы күн құбылысын салу техникасын игерту; бояулардың қағаз бетінде суға езіліп, ағып, араласу құбылысын бақылауға үйрету; күзде болатын табиғат құбылыстарын пысықтау; түстерді қабылдау, эстетикалық талғам қабілеттерін дамыту; байқағыштыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.
	III апта	Тақырыбы: "Мысық". Мақсаты: Балалардың қарындашпен үй жануарлары мысықтың суретін салу техникасын жетілдіру; мысықтың артқы аяқтарға басылып отырған мысықтың дене бөлшектерін үйлесімділікте орналастыруға үйрету; мысықтың қимылдау ерекшеліктерін күнделіктегі бақылауда түсініктерін тиянақтау; мысықтың үй шаруасында әкелетін пайдасы туралы білімдерін пысықтау; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; жақынды сүю, үй жануарына деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.
	IV апта	Тақырыбы: "Балық" Мақсаты: Балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу техникасымен таныстыру; қағаздың толық бетіне балықтың суретін салуға үйрету; қарындаш пен қылқалам құралдарын сурет салудың белгілі кезеңінде еркін пайдалана білу іскерлігін ұштау; балықтардың тіршілігі жөнінде білімдер жиынтығын пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; халық қол өнеріне деген қызығушылықтарды ояту.
Қараша	I апта	Тақырыбы: "Тауыс" Мақсаты: Балаларды қағаздың ортасына, оның толық бетін пайдаланып, тауыс бейнесін салу амалдарын игерту; тауыстың қауырсындарын сызықтарды, дөңгелектерді салуға баулу; тауысты адам бақтарда күтіп ұстайтыны туралы мәлімет беру; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді дұрыс таңдап, қабылдау, эстетикалық талғам қабілетін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу.
	II апта	Тақырыбы: "Автобус" Мақсаты: Балаларды қағаздың толық бетіне автобусты салуға үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастырып салуға үйрету; қарындаш пен бояуды белгілі жерде пайдалану іскерлігін ұштау; акварель бояуын суға езу, қажетті қоюлыққа дейін жеткізу дағдысын дамыту; автобустың қоғамдық көлік түріне жататыны туралы білімдерін пысықтау; көз мөлшерін, елестету қабілетін дамыту; еңбекті қадірлеу сезімін тәрбиелеу.
	III апта	Тақырыбы: "Қоян мен кірпі" Мақсаты: Балаларды "Қоян мен кірпі" ертегісі желісі бойынша сурет салуға үйрету; ертегі кейіпкерлерін және орман ағаштарын қағаз бетіне композиция түрінде орналастыру қабілетін ұштау; жабайы аңдардың дене бітімін үйлесімді салу техникасын жетілдіру; дәстүрлі емес шанышқыны басу техникасымен таныстыру; жабайы аңдардың қоңыр күздегі тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; ақыл- ойын, қағаз бетін бағдарлау.

		көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықтарды арттыру; ынталылыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Тақырыбы: "Ұшатын кілем" Мақсаты: Балаларды тіктөртбұрыш бойын түрлі қарапайым оюлардың элементтерімен безендіруге үйрету; "Ұшатын кілемнің" шеттеріне, бұрыштарына түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту; Аладдиннің хикаялары жөнінде түсініктерін тиянақтау; шынайы өмір мен ертегідегі қиял әлемін салыстырыуға машықтау, елестету, түйсіну қабілеттерін дамыту; жамандық пен жақсылықты ажырату біліктерін дамыту.
Желтоқсан	I апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қысқы ымыртта қарға жамылған алқап" Мақсаты: Балаларды қағаз бетіне қысқы пейзаж суретін салуға үйрету; ақ гуашь бояуымен қарлы омбыларды, шатырлардың бейнелерін қылқаламмен салып, кепкен ағаш жапырағын аққа бояп, қағаз бетіне бастырып, тұтас қыс мезгіліндегі ымырт құбылысын бейнелеуге үйрету; қылқаламның таяқшасына үстінен қарындашпен қағып, бояуды қағаз бетіне шашырату техникасын игерту; бейнелерді елестету, әсемдікті түйсіну сезімін дамыту; бақылағыштыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу Тақырыбы: "Алан мен Дана би билеп жүр" Мақсаты: Балаларды тірек қаңқа негізінде адамның қимылдағы денесін салу техникасына үйрету; қағаз бетіне билеп тұрған Алан мен Дананың бейнелерін үйлесімді орналастыра білуді жетілдіру; адамның дене бітімін қазақтың киім үлгілерімен толықтыруға машықтау; Қазақстанның Тәуелсіздік күні туралы білімдерін тиянақтау; патриоттық сезімдерді қалыптастыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қылқаны қалың шырша" Мақсаты: балаларға мерекелі шырша бейнесін, қылқаламды, борды және саусақты белгілі қолданып, салу техникасын игерту; шырша бұталарының жеке қабаттарын салуда үшбұрыш пішінінің нобайын сақтауға үйрету; сурет салуда шырша қылқандарының структурасын көрсетуге машықтау; қыс мезгіліне байланысты мерекелер жөнінде ұғымдарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін дамыту; экологиялық тәрбие негіздеріне баулу.
	IV апта	Сурет салу Тақырыбы: "Аяздың қырау оюлары" Мақсаты: балаларға мерекелі шырша бейнесін, қылқаламды, борды және саусақты белгілі қолданып, салу техникасын игерту; шырша бұталарының жеке қабаттарын салуда үшбұрыш пішінінің нобайын сақтауға үйрету; сурет салуда шырша қылқандарының структурасын көрсетуге машықтау; қыс мезгіліне байланысты мерекелер жөнінде ұғымдарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін дамыту; экологиялық тәрбие негіздеріне баулу.
Қаңтар	I апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қысқы ойындарды ойнаған балалар" Мақсаты: балаларды қысқы ойындарды ойнап жүрген балалар мен тағы басқа бейнелерге толған қысқы аула сюжетін салуға үйрету; шанада отырған баланың, күшпктің, аққала бейнелерін салуда дене үйлесімділіктерін сақтауға баулу; қарындашпен сурет салуда түрлі түстер мен реңктерін пайдалануға машықтау; қысқы ойын-сауық түрлері жөніндегі түсініктерді пысықтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін, ой-қиялын дамыту; табандылыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қасқыр мен түлкі" Мақсаты: балаларды аңдардың денелерін салу техникасын, қағаз бетіне екі бейне арқылы композицияны құру техникаларын жетілдіру; "Түлкі мен қасқыр" ертегісі желісін пысықтау; ертегіде жабайы аңдардың бойындағы адамға тән қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; кейіпкерлерді салуда отырған және жүрген қимылдар ерекшеліктерін көрсетуге үйрету; қу немесе ақымақ болу мысалдарына қарап, жаман мен жақсы қасиеттерін ажырата білу қабілеттерін дамыту.
	III апта	Сурет салу Тақырыбы: "Жылы жақ жерінің жабайы жануарлары" Мақсаты: балаларды жылы жақ жерінің жабайы жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен тандап, толық қағаз бетіне салуға үйрету; салынып жатқан кез келген бейненің (дене пішіні мен бітімі, терінің түстері сияқты) ерекшеліктерін суретте көрсете білу іскерлігін арттыру; салынып жатқан бейнені қағаз бетіне не тіке не көлденең орналастыра білу қабілетін жетілдіру; жылы жақ жерінің жануарлары туралы мағлұматтарды тиянақтау; тірі табиғат өкілдеріне деген қызығушылығын арттыру.
	IV апта	Сурет салу Тақырыбы: "Үкі" Мақсаты: балаларды үкінің денесін салу техникасымен таныстыру; бояуға малынып қойған қылқаламды белгілі бағытта жақпалап отырып, үкінің қауырсындарын көрсетуге үйрету; қоңыр, сары, ақ бояуларды палитрада арыластырып, қажетті реңктерді алып бояу дағдысын қалыптастыру; бояуды қағаз бетіне салу алдында, оның консистенциясы сезіну қабілетін, зейінін дамыту; құстарға деген қамқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
Ақпан	I апта	Сурет салу Тақырыбы: "Теңіз асты тұрғындары" Мақсаты: балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету; алақан, қылқалам, сорғыш, мақта таяқшасы сурет салу құралдарын орныммен пайдалану іскерлігін жетілдіру; теңіз асты жануарлары мен балықтар тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; өзге балалармен сурет жоспарын

		келісімділікте жасап, ортақ сурет алаңында өз орнын ала білу қабілетін дамыту; дүниетанымын дамыту; зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу Тақырыбы: "Капитанның кемедегі саяхаты". Мақсаты: балаларды көп қабатты кемеңіз суретін салуға үйрету; кемеңіз пішінінде корпусы, палуба, каюталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді орналастыру іскерлігін дамыту; кемеңіз теңіз толқындарымен жүруді, шағалалардың ұшқанын көрсетуге машықтау; кеме көлігі мен кеме капитаны мамандық туралы ұғымдарды тиянақтау, дүниетанымын, ой-қиялын дамыту; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу Тақырыбы: "Шай сервизіндегі ғажайып оюлар". Мақсаты: балаларды түрлі ыдыстың бір пішінінің ортасына гүлдер мен шөп элементтерін салуға үйрету; фарфор материалы туралы мағлұмат беру; орыс халқының гжель оюларымен таныстыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын, эстетикалық талғамды дамыту; әдептілікке тәрбиелеу.
	IV апта	Сурет салу Тақырыбы: "Түңгі қала". Мақсаты: балалардың түңгі қала сюжетін салуға үйрету; тіке және көлденең жуан жолақтарды сызып, көлемі түрлі тіктөртбұрышты үйлердің пішінін бояу техникасына үйрету; бояуды шеткадан бояуды бүркі техникасымен таныстыру; ұйқының пайдасы туралы мағлұмат беру; салауатты өмір салтын насихаттау; жағымды эмоцияларды дамыту; достық қарым- қатынастарға тәрбиелеу.
Наурыз	I апта	Сурет салу Тақырыбы: "Ананьин портреті". Мақсаты: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту; әрбір адамның ананың, беттерінде ерекшеліктерді (мөлшерін, түсін) байқауға үйрету; шаш үлгісінің адамның келбетіне ерекшелікті беретіні туралы түсіндіру; портретті қағаздың толық бетіне салуға баулу; эмоциялар мен түйсіктер әлемін дамыту; байқағыштыққа, анаға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" Мақсаты: балаларды тірек ілмек сызығы және доғалы сызық негізінде қарлығаштың бейнесін сау техникасына игерту; кең далада аспанда биік ұшқан қарлығаштың бейнесін үйлесімді орналастырып, көктемгі дала пейзажын салуға үйрету; зейінін, көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту; көктемгі мезгілге тән құбылыстарға байқағыштығын тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу Тақырыбы: "Алпамыс батыр". Мақсаты: балаларды қазақ ертегілердің белгілі кейіпкері Алпамыс батырдың денесін салуға үйрету; адамның дене пішінін бөлшектеп салу техникасын игерту; балаларды қағаз бетіне қосымша бейнелерді толықтырып салуға бейімдеу; Наурыз мейрамы жөнінде түсініктерді кеңейту; көзбен мөлшерлеу қабілетін, ой-қиялын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу, қазақтың ертегілеріне деген сүйіспеншілікті арттыру.
	IV апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қоржынды безендірейік". Мақсаты: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу; оюдың оң мен сол жақтарын бірыңғай салуға талпындырту; қоржын ашу дәстүрі туралы мағлұматтарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау біліктерін жетілдіру; қазақтың салт-дәстүрлеріне, қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
Сәуір	I апта	Сурет салу Тақырыбы: "Біздің ғарышқа саяхатымыз". Мақсаты: балаларды "ғарышқа саяхат" тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру; "Ғарыштар күні" туралы білімдерін бекіту; ой- қиялын, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту, зияткерлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу Тақырыбы: "Түйе". Мақсаты: балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту; түйе терісінің белгілі сипатын көрсетіп, пішіні алтыбұрыш көрпешенің бұрыштарына, ортасына өз қалауынша ою элементтерін салуға бейімдеу; көктемде үй жануарларының жайлауға шығару туралы білімдерін пысықтау; зеректікке, үй жануарларына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.
	III апта	Сурет салу Тақырыбы: "Інжугүлдер". Мақсаты: балаларды қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; көктем гүлі інжугүлдің құрылым және түс ерекшеліктерін байқап, қағаз бетінде көрсете білу; қараңғы жасыл түсті араластырып жасау тәсіліне үйрету; көктем мезгілінде жасыл шөп пен жапырақтардың шығуы туралы ұғымдарын жетілдіру; зейінді, ой-қиялды дамыту; достыққа тәрбиелеу.
	IV апта	Сурет салу Тақырыбы: "Қуыршақтар театрының кейіпкерлері". Мақсаты: балаларды "Буратино" ертегісі желісі бойынша сюжеттік суретті салуға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің келбеттеріндегі ерекшеліктерді суретте көрсетуге машықтау, дене

		пропорцияларын сақтауға баулу; "достық" ұғымын тиянақтау; жамандық пен жақсылықты, араздық пен достықты ажыратуға тәрбиелеу.
Мамыр	I апта	Сурет салу Тақырыбы: "Атқа мінген шабандоз " Мақсаты: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту; "Отан қорғаушылар күні" туралы түсініктерді тиянақтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; салаутты өмір салтын ұстануға, Отанын сүю сезіміне тәрбиелеу.
	II апта	Сурет салу Тақырыбы: "Жұпаргүл бұтағы" Мақсаты: балаларды бөртегүл бұтағына карап, суретін, макта таякшасын, борларды, бояуды колданып, кагаз бетіне салу техникасына үйрету; ак пен көк-сия түстерін араластыру нәтижесінде ақшыл күлгін түсті жасап, суретте пайдалану білігін қалыптастыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдарды тиянақтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, эстетикалық талғам қабілетін дамыту.
	III апта	Сурет салу Тақырыбы: "Менің атам егінші "
	IV апта	Сурет салу Тақырыбы: "Жазғы демалыс "

